

**М.С. Оразбек<sup>1</sup>, С.С. Сагидуллиева<sup>2\*</sup>**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Астана, Қазақстан*

*E-mail: makpal\_zere@mail.ru, \*samatovna2021@inbox.ru*

*ORCID: 0000-0002-0703-3142, \*0000-0001-5971-0224*

## **ЛИРА ҚОНЫС ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ МИСТИКАЛЫҚ, МАГИЯЛЫҚ МОТИВТЕРДІҢ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНУЫ**

**Аңдатпа.** Мотив баяндау поэтикасының феномені ретінде арнайы ғылыми зерттеулердің нысанасына айналуға. Әдеби мотив – бұл бірқатар шығармаларда қайталанатын көркем мәтіннің семантикалық тұрақты элементі. Мотив мазмұнның ажырамас әрі қарай элементін білдірмейді, шығармашылық үшін бастапқы сәт, автордың идеялары мен сезімдерінің жиынтығы, жеке рухтың көрінісі ретінде сипатталады. Мотивтер жүйесі шығарма мазмұнындағы сюжеттік оқиғаның тұтас негізін құрайды және автор жасаған әлемнің тұжырымдамалық бірлігін білдіреді. Мотив мәселесін зерттеген А.Н. Веселовский, И.М. Попова мен Л.Е. Хворовалар көркем шығарманың сюжеттік оқиғасы не туралы болса, сол мотив деп санайды. Қазақ әдебиетінде мотивті сюжеттік сарын ретінде қарастырған. Бір сюжеттегі сарын басқа шығармаларда да қайталануы мүмкін. Көркем шығармадағы мистикалық, магиялық мотивер жазушылардың шеберлігі мен суреткерлік танымына байланысты шығарма мазмұнында әр түрлі көрініс табады. Бұл тұжырымдаманы әдеби талдаусыз көркем мәтіннің көптеген мәселелері мен аспектілерін түсіну қиын. Мақалада әдебиет әлеміне өзінің сырлы да нәзік лирикасымен келген, шығармалары оқырмандарының ыстық ықыласына бөленген қаламгер Лира Қоныстың тәуелсіздік кезеңінде туған микросюжетті шығармаларындағы магиялық, мистикалық мотив іздері талданды. Мистикалық таным желісімен жазылып шыққан шығармаларындағы қоғам бейнесін, рухани азғындаған заман көріністерін суреттеу ерекшеліктерін талдау арқылы, жазушының қазақ көркем прозасындағы өзіндік алатын орнына, көркемдік-идеялық жаңашыл ізденістеріне талдау жасалды. Жас қаламгердің прозалық туындыларындағы мистика, магияны көркемдік әдіс ретінде қолданылуы арқылы кейіпкерлер психологиясы мен өмірді болжаудағы, әлеуметтік мәселелерді көтерудегі көркемдік-поэтикалық ерекшелігі қарастырылды.

**Кілт сөздер:** микросюжетті проза, әлемдік әдеби дәстүр ықпалдастығы, мистикалық таным, магиялық мотив, постмодернизм, ұлттық болмыс, көркемдік шешім.

**М.С. Оразбек<sup>1</sup>, С.С. Сагидуллиева<sup>2\*</sup>**

*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,  
Астана, Казахстан.*

*E-mail: makpal\_zere@mail.ru, samatovna2021@inbox.ru*

*ORCID: 0000-0002-0703-3142, 0000-0001-5971-0224*

## **Интерпретация мистических, магических мотивов в творчестве Леры Конис**

**Аннотация.** Мотив как феномен повествовательной поэтики становится предметом специальных научных исследований. Литературный мотив-семантически устойчивый элемент художественного текста, повторяющийся в ряде произведений. Мотив не представляет собой целостного дальнейшего элемента содержания, он характеризуется как исходный момент для творчества, как совокупность

идей и чувств автора, как проявление индивидуального духа. Система мотивов составляет целостную основу и представляет собой концептуальное единство созданного автором мира, без литературного анализа этого понятия трудно понять многие проблемы и аспекты художественного текста. В статье проанализированы отпечатки магических, мистических мотивов в микросюжетных произведениях, родившихся в период независимости поселения, писателя лиры, пришедшего в мир литературы со своей загадочной и нежной лирикой, чьи произведения были горячо любимы читателями. Анализируя особенности описания образа общества, проявлений духовного развращения в произведениях, написанных по линии мистического познания, убеждается в новаторских художественно-идейных исканиях писателя, занимающих свое место в казахской художественной прозе. Рассматривалась мистика в прозаических произведениях юного писателя, художественно-поэтическая специфика психологии персонажей и прогнозирования жизни, поднятия социальных проблем через использование магии как художественного метода.

**Ключевые слова:** микросюжетная проза, интеграция мировой литературной традиции, мистическое познание, магический мотив, постмодернизм, национальное бытие, художественное решение.

**M.S. Orazbek<sup>1</sup>, S.S. Sagidulliyeva<sup>2\*</sup>**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University,  
Astana, Kazakhstan.*

*E-mail: makpal\_zere@mail.ru, samatovna2021@inbox.ru  
ORCID: 0000-0002-0703-3142, 0000-0001-5971-0224*

## **Interpretation of mystical, magical motives in the works of Lira Konis**

**Abstract.** The motive as a phenomenon of narrative poetics becomes the subject of special scientific research. A literary motif is a semantically stable element of a literary text, repeated in a number of works. The motive is not a holistic further element of the content, it is characterized as the starting point for creativity, as a set of ideas and feelings of the author, as a manifestation of the individual spirit. The system of motives forms an integral basis and represents the conceptual unity of the world created by the author; without a literary analysis of this concept, it is difficult to understand many problems and aspects of a literary text. The article analyzes the imprints of magical, mystical motifs in microplot works born during the period of independence of the settlement, the writer of the lyre, who came to the world of literature with his mysterious and tender lyrics, whose works were dearly loved by readers. Analyzing the features of the description of the image of society, manifestations of spiritual corruption in works written along the lines of mystical knowledge, he is convinced of the innovative artistic and ideological searches of the writer, which take their place in Kazakh artistic prose. Mysticism was considered in the prose works of the young writer, the artistic and poetic specifics of the psychology of characters and life forecasting, raising social problems through the use of magic as an artistic method.

**Keywords:** micro-subject prose, interaction of world literary traditions, mystical knowledge, traces of magic, postmodernism, national spirit, artistic decision.

### **1. Кіріспе**

Мистика терминін ғалымдар әр түрлі тұрғыдан түсіндіріп келеді. Мистикалық, мистицизм, мистикалық тәжірибе сынды ұғымдар отандық әдеби айналымда ХХ ғасырдан бастап зерттеле бастады. Мистика, магия терминдерінің мәнін толық түсіну үшін отандық, шетелдік ғалымдардың тұжырымдамасына жүгінсек, Л.Боррелло қазір мистика мен мистицизмнің әртүрлі формаларының төтенше қайта жанданғанын айта отырып, мистиканың «фактісінің» болуы, тіпті озық мәдени ортада да, постмодерннің бөлігі екенін көрсетеді (*L'esperienza mistica cristiana*).

Identita e struttura) деген тұжырым жасайды. Мистиканың дамуын тақырыптық және құрылымдық жағынан қарастырған, түркі халықтарына ортақ аңыздар мен хикаяттардағы жанның тірілуі, адам тәнінің (сүйек) жаратылысы, адамдар үшін ежелден бері адам мен жануар денесінің ең тұрақты элементі сүйек болып саналғандықтан, онда өлмейтін жан да мекен етеді деген болжамның мистикалық, магиялық қыры талданды (Mythic Reflections in Two Anecdotes of Nasreddin Hodja Compiled from North Macedonian Turks: Resurrection from Bones, 2023: 61).

«Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясында»: Мистикалық (грекше *mystika* – жұмбақ әдет-ғұрыптар, тылсым сыр). Тар мағынада – Деметр және Дионис культтерімен байланысты грек мистицизмі. Кеңірек мағынада – болмысты тану, сондай-ақ осы білімнің нәтижелері» (Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы. Москва НПК «Интелвак», 2001: 555-558) деп, мистиканы көне грек мифіндегі құдайлар әлемі туралы мистикамен және адам болмысының психифизикалық ерекше күй-жағдайымен байланыста алып қарастарады.

Мистика терминіне орыс ғалымы П.С. Гуревич «Қазіргі гуманитарлық анықтама-лық сөздігінде»: «Мистика деген сезімтал әлемнен қашу арқылы құдаймен жақын қарым-қатынасқа жол ашатын өз болмысыңыздың тереңдегіне ену» (Современный гуманитарный словарь-справочник, 1999: 23) деген тұжырымды ұсынды. Ал, Г.В. Хлебников «Философиялық мистика және гностицизм: тарих және қазіргі заман» еңбегінде мистиканы діни ұғым тұрғысынан түсіндіреді. Ол бұл еңбегінде мистиканы зерттеген ең ірі маман Иезуит Йозеф Зюдбракдың «...Диалогтағы мистика» еңбегінде бұл терминді қарастыра отырып, адамдар өз болмысын іздестіру кезінде құдайға жүгінеді, әр діннің өзіндік мистикалық қырлары барын көрсетеді (Философская мистика и гностицизм: история и современность, 2009).

Мистицизмге психоаналитикалық тәсілді қолданған еңбектер – Дж.Лейбының «Діни мистикадағы психологизм», М.Остоу мен А.Шарфенштайнның «Дін және психологизм» атты еңбектері. Осы зерттеулер тұрғысында мистикалық прозадағы рухани әлемді таныту мақсатында психологиялық тәжірибе, адамның түсінігінен тыс, бірақ ерекше жасырын мағынаны білдіретін тылсым күштер мағынасы, діни концепция ұғымы айқындалды (Қазақ және шетел прозасындағы мистика, 2021: 3).

Мистикаға «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» /грек *mystic*/ зат. табиғаттан тыс, тылсым күшке сенушілік, мистицизм. Мистиканың негізінде табиғаттан тыс күштерге сенім жатыр (Әдебиеттану терминдер сөздігі; 1998: 247) деп анықтама берілген. «Қазақ энциклопедиясында»: «Мистика – дүниеге діни-идеалистік көзқарас. Оның негізінде табиғаттан тыс күштерге деген сенім жатыр. Мистика иррационализм мен аскеттілікпен тығыз байланысты және оған экзотеризм, яғни құпиялылық, тылсымдық тән. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде: «Мистика, ең алдымен, рухани әлемді және психологиялық тәжірибе арқылы тануға ұмтылу, осыдан туындайтын амал-әрекеттер, жан мен тәннің жаттығулары болып табылады» (Қазақ әдеби тілінің сөздігі; 2009) делінген. А. Байтұрсынов, Ш. Уәлиханов, А.Таңжарықова, А. Тойшанұлы, Ж.Айтмұхамбет, А. Асқарова, А.Төлеу т.б. отандық ғалымдар еңбектерінде мистика табиғаты, мифологизм мәселесі қарастырылған. Шохан Уәлиханов түркі халықтарындағы оттың мистикалық, магиялық, мифтік

танымдарын қарастыра келе: «Қырғыздар нағыз есерсоқ, шәлкес адамды от соққан, от аттаған деп атайды. Отқа табына отырып, оттың ашуынан қорыққан және оттың ашуымен қорғанған: от соқсын, от аттайын. Көптеген аурулар оттың қаһары деп есептеледі. Сондықтан көбісі отпен емделеді. Отқа құрбандық үшін қырғыздарда май пайланылады. Құрбандыққа шалынған шырақтар май сіңіп, ши өсімдігінің сабағына ортабылған матадан не ақ, не көк қытай дабысынан жасалатын болған. Шырақтың ұзындығы шынашақтай болуы тиіс. Мақтадан жасалғандары өлген адамға алғашқы төрт күн бойы жағып қою үшін пайдаланылады, әр күні он, барлығы қырық шырақ жағылады. Шамандардың кейбірі аурулардан емдеуі кезінде ақ және көк шырақтар бірге үштен жеті, тоғыз данаға дейін қолданылады» (Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы; 2010. 60) деп көрсетеді.

## **2. Зерттеу әдістері мен материалдары**

### **2.1 Зерттеу әдістері**

Зерттеу барысында зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми-теориялық, фило-софиялық әдебиеттерді талдау және жинақтау, лингвопсихологиялық тұрғыдан талдау, топтастыру, салыстыру әдістері қолданылды.

Дерексіздік пен көркемдік баяндау астасқан, мистерияға толы шығармашыл тұлға Лира Қоныстың қиял өрісін, сыртқы әлемді бейнелеу ерекшелігін мистикалық кейіпкерлер арқылы ашуға талпыныс жасалады. Мистикалық, магиялық мотивті туындылар табиғатын ашу, мазмұндық-идеялық, көркемдік поэтикасына герменевтикалық талдау жасау, қаламгерлердің туындыларындағы жаңашылдық пен ізденіс іздері айқындалды.

Дәстүрлі тақырыптардан биіктеп, олардың мәнін психологиялық тұрғыдан тереңдетіп, философиялық мазмұнын арттырып, кейіпкерлерінің ішкі жан әлеміне, санадағы сапалық өзгерістерге өзгеше өң беруге әуес жас қаламгер Лира Қоныстың қолтаңбасы дараланады.

### **2.2 Материалдарға сипаттама**

Мистикалық, магиялық мотивті шығармаларды мифтік, фольклорлық, діни тұрғыдан қарастырған абзал. Көркем шығармада мифті қолданудың өзіндік тәсілі бар. Кез келген жазушы мистикалық мотивті немесе мифті шығармасына өзек етпейді. Себебі ол мол тәжірибе мен білімді қажет етеді. Жазушы мифті шығарма мазмұнына арқау еткенде әрқашан сәтті болып шығады десек қателесеміз. Сондықтан қазақ қаламгерлері мистикалық, магиялық мотивтерді беруде фольклорды, көне мифтік шығармаларды, діни түсініктерді жетік зерттеп, барғанын көреміз. Қазақ әдебиетінде мистикалық элементтер, фантастикалық сарындағы шығармалар тәуелсіздік жылдарынан бастап жарық көре бастады. XX ғасырда Ж.Аймауытов, С.Мұқанов, С.Ерубаев сияқты қаламгерлер туындыларында мистикалық мотивтер ұшырасатынын байқаймыз. Ал, тәуелсіздік алғаннан кейін Т.Шапай, М.Мағауин, М.Омарова, Қ.Мүбәрак, А.Алтай, М.Мәлік, Н.Хавдай, А.Мантай, Л.Қоныс сынды авторлардың туындыларында көптеп кездеседі.

Лира Қоныс ауылда туып, қалада қалыптасқан жастардың «өз жазушысы». Оның шығармаларының мазмұны қала мен ауылдың, шетелдік пен қазақылықтың арасында дағдарып тұрған қазіргі жастардың болмысын дөп басады. Сондай-

ақ Лираның әңгімелерінде қазақ прозасында бұрын болмаған кейіпкерлер, оқыс оқиғалар мен заманауи суреттер бар. Бұл – оның жазуының бір сипаты болса, өзіміз байқаған екінші сипаты – Лираның қаламынан автордың ешкімге мойын сұнбайтын, жігерлі, батыл болмысы «менмұндалап» тұрады. Демек жазушының шығармашылық тұлғасы көркем мәтінмен астасып, өзі суреттеген кейіпкерлер бомысынан авторлық позициясы танылатынын аңғарамыз.

Шығармаларына арқау еткен сюжеттік оқиғаларының философиялық астары бар, өзіндік стилі қалыптасқан Лираның әңгімелері жапон жазушыларының будда ағымымен жазу сарынын еске салады. Кейіпкерлері кербез, махаббатқа берік, қиялдары ұшқыр, сезімдері сұлу келгені кез-келгеннің көңілінен шығуы екіталай.

### 3. Талқылау

«Шахарбанудың сыңсуы» атты пролог түрінде берілген әңгімесі бірінші жақтан баяндалып, сары қыздың әжесінің көне мұрасы арқылы әжесі туралы қорқыныш пен үрейді және өкпе-ренішті сезінетін. Мойынбүрменің шын иесі көкқасқа кемпірдің әпкесі еді. Автор-кейіпкер бала күнінде әжесінен естіген әңгімесінде белгілі болғандай бұл мойынбүрме өз сүйіктісіне қосыла алмай, әжесінің қалауымен ұзатылған Шахарбану әпкесіне тиесілі екен.

*«...Мұнан соң інжандары жәудіреген мойынбүрме көкқасқа кемпірге деген өкпемді еске салып шаш түйреуіштерім мен кесте тігетін жіптерім салынған жәшікте елеусіз ұзақ жылдар жатты. Одан әрдайым көкқасқа кемпірдің ызбары есетін. Қолыма алсам көкқасқа кемпірдің оқты жанары желкемнен қадалғанын байқадым. Бұл бала кезден санамда қалған қорқыныш пен реніштің сарқындысы деп түйгенмен, бір күні бұл үрейден қарғыс атқыр мойынбүрмені сатып қана құтыламын дедім де, Қалмыковтың Алматыда тұрған жылдары салған кейбір суреттері қолына түсіп, соларды аукцион арқылы саудаға шығаруға дайындалып жатқан танысыма хабарласқанымда ол көне жәдігер екені анықталса саудаға салуға келісті»* (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 6). Осылайша, әжесінен қалған мойынбүрмені аукционға қойып сатып жібереді.

Автор-кейіпкер мойынбүрменің жаңа қожайынын білгісі келіп қызығушылық танытқанда, жаңа қожайынының да есімі Шахарбану екенін біледі *«Күн еңкей, жиын тараған соң, кім екенін білмекпен сауда кітабына назар салғанымызда онда мойынбүрмені сатып алған бұрымды бойжеткен өзінің есімін ғана жазып кетіпті: Шахарбану деп...»* (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 7). Осылай әңгімені аяқтайды. Оқып отырған оқырманды осы тұс таңқалдырады. Автор бұны сәйкестік етіп көрсеткісі келді ме, әлде бір құпия сыр бар ма? Өмірдің өзінде осындай тосын жайттар кездесетіні белгілі. Лира өзінің мистикалық әңгімелер жинағын осындай тосын, сюжеттік оқиғасы тылсым әңгімеден бастауды жөн көреді.

«Шахарбанудың сыңсуы» әңгімесінде әлем әдебиетінде кездесетін мистикалық шығармалардағы қосарлану, екілік мотив желісі кездеседі. Э.По туындыларындағы қосарлану, екілік мотивін гендерлік тұрғыда бас кейіпкермен қатар өмір сүреді. Ерлердің қосарлануы бір-бірімен байланыста болып, қатар өмірден өтсе, әйелдердің қосарлануы немесе қайталануы бір-бірін алмастырады. Лира Қоныс туындысында Шахарбану кейіпкерін жаңа тұлға ретінде береді.

Шоқан Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» зерттеуінде адам табиғаттың ғажап құбылыстарының бірі деп көрсете отырып, «...адам өзін қоршаған жаратылыстың түсініксіз құбылыстарына арналған – өмір сүру ережелерін ойлап табуға мәжбүр болды» (Уәлиханов Ш. Тәңірі; 2013, 97) күнделікті өмірдегі оқиғалардың көңіліне қатты әсерінен адам сол заттарға, адамдарға табынуы діни түсінік екенін айтады. «Шахарбанудың сыңсуы» әңгімесінде де бас кейіпкерге әжесінің тәрбиесі, қарым-қатынасы әсерінен мұраға қалған мойынбүрмен сикырлы элемент ретінде береді. Қаламгер Лира мойынбүрменің екі қожайының да есімі Шахарбану болып шығуы жай ғана сәйкестік емес, мистикалық мотив ретінде қолданған.

«Алма ағашының құдайы» атты әңгімесінде Лаура есімді журналист қолына қалам алып, өзінің көптен ойында жүрген новелласын жаза бастайды. Өзінің шығармасының кеңістігін Алматы қаласын, ал бас кейіпкер етіп Алмагүл есімді қызды алады. Шулы қаланы ұнатпайтын кейіпкерін Алматыға ғашық қылған апорт деп суреттеп келіп, ең соңында қызды жұмбақ өліммен қауыштырады.

*«Бөлменің ішін алманың иісі кернеді, ақ қағаздардың барлығында алқызыл алмалар бейнесі орнады, алма ағашының аппақ гүлдері пайда болды. Осы мезетте гажайып бір оқиға орын алды: Ақ қағаздарға алманың суретін бейнелеген алма дидарлы ару қыз да алмаға айналып бара жатты.*

*Мұнан кейін Алмагүлді ешкім көрмеді. Бейнесі көшенің кісі көп жүретін тұстарына ілініп, іздеу салынғанымен мен білемін деген жан болмады. Бойжеткенді іздеп үйіне барған достары ақ қағазға алманы бейнелеген сан алуан суреттерді көріпті. Үстелінің үстінен үлкен алқызыл алманы көріпті»* (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 19).

Әңгіме бұнымен бітпейді, Лира ендігі жерде осыған дейін болған оқиғаны кері шегіндіреді. Лаура есімді бойжеткен тауға демалуға шығып, Арман есімді тау ішіндегі бағбан жігітпен жолығады. Арманның бойынан қызық құбылысты байқағанымен басында онша мән бермеген бойжеткен шығарманың соңында ғана Арманның қиялы деп жүргені шындық екенін түсінеді. Арманның айтуынша өзі бағатын алма бағының құдайы бар екен, есімі – Алмагүл. Арман мен Алмагүл бір-біріне ғашық. «- Ішім пыспайды, мұнда Алмагүл бар, - деді.

*- Ол қарындасын ба? Өздерің алма өсіргендіктен атын солай қойдыңдар ма?*

*... – Жоға-а, қарындасым емес, Алмагүл алма ағашының құдайы ғой... – деп салғаны»* (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 22-23).

Лаура Арманмен бірге тау ішіндегі үйлеріне тағы да келіп, сол түні Арманның Алмагүлін көреді. Бойжеткен өзінің бұрын жазған шығармасындағы кейіпкерін бірден таныды. «...*Оянғанымда құлағымда сыңсып салған әуен тұрды. Тау ішінде, жеті түнде әндетіп жүрген бұл кім деп елеңдедім. Терезеден ай сәулесі әдемілігін төгіп, жарығы маңайға салтанат құрып тұрған. Орнымнан тұрып, әйнектен үңілгенімде тыстан ақ көйлекті, қос бұрымы тірсегін соққан ару қызды көрдім. Арман айтқандай асқан сұлу қыз екен, алма мойынындағы жіңішке алтын шынжырға байланған алма бейнесіндегі бойтұмарды көргенде жүрегім дір етті. Ойыма жарты жыл бұрын жазып, көңілім толмай қоқыс жәшікке жөнелткен*



*Алмагүл есімді қыз туралы шимағым түсті. Бұл бар болғаны кездейсоқтық дедім»* (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 29). Түн ішіндегі осы тылсым оқиға Алмагүл туралы мистиканы еске түсіреді. Осы тұста оқырман әңгіменің басында берілген эпилогқа қайта көз жүгіртіп, автордың мистиканың ауылына әкеп бітірген әңгімесінің сырын ұғады.

Аталмыш әңгімеде тағы да автор мен кейіпкер тұтастықта беріледі. Лира Қоныс әр шығармасы арқылы оқырманға артар жүк пен алда кездесер тосын жайттарға түсініктеме беріп өтеді. «Алма ағашының құдайы» шығармасында қиялға құрылғанын «Өзім новелла деп атаған шимаққа осылай нүкте қойдым. Шығарманы мистиканың ауылына әкеп бітіргеніммен, осы жөн бе деп ұзақ ойландым. Қиялымды қозғай алады екем деп, оқырманның басын қатырғанды қашан доғарамын дедім» деп өзі ашып көрсетеді. Аталған әңгімеде о баста бас кейіпкер Лаураның новелласының кейіпкері болған Алмагүлді тауға барғанда бағыбаншы жігіт Арманның аузынан естуді, одан кейін оны түн ішінде айдың жарығымен терезеден көруі адам сенбейтін оқиға. Осындай таңқаларлық оқиғаларды шынымен де болғандай етіп, оқырманды сендіре бейнелеуі жазушының мистикалық оқиғаны шығарма мазмұнына енгізу шеберлігін байқатады. «Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясында»: «Мистиканы фантастикадан ажырата білу керек, оның да формасы мистикалық болуы мүмкін. Фантастика мақсатты түрде ойдан шығаруды, әдейі жасалған фантастиканы болжайды. Мистицизм таңқаларлық формаларды суреттегенімен, субъекті шынайы шындық ретінде сезінеді» (Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы. Москва НПК «Интелвак», 2001: 555) деп, фантастика мен мистиканы ажырата білу керектігін ескертеді. Л.Қоныстың аталған шығармасын мистикалық мотивтегі оқиға арқау болған деп талдауымыздың мәні, шығарма кейіпкері өзінің ойындағы Алмагүл есімді қыздың таңқаларлық образын «шындық ретінде сезінеді», себебі оны өмірде нақты адамның аузынан естиді және оның бейнесін көреді. Демек, «таңқаларлық» мистикалық кейіпкерді оқырман да шын өмірдегідей сезінеді.

«Махаббат туралы роман» әңгімесі бірінші жақтан баяндалып, кітапқа жаны құмар қыз тағдыры туралы жазылған. Өзін кітапқұмарлардың санатында емеспін деп есептесе де төрт жыл кітапхананың табалдырығын тоздырған кейіпкер мистикалық кейіпкерін сол жерден жолықтырады.

*«Аптаның жұма күні болатын, тағы да күн ұясына қонып, терезелер қараға боялғанда әлдекім жеңімнен түртті. Бұл маған шығуым керектігін жеткізуші ғой дедім.*

*- Иә, қазір қайтамын, - дедім оған бұрылып қарамастан. Ол және түртті. Саусағының ұшы қолыма тигенде әлдебір суық сезіндім, бойым тоңазып, діріл қақты. Еріксіз көз салғанымда кітапхана қызметшісі емес, ақ көйлекті қара торы қыз күлімсіреп тұрды»* (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 82).

Осылайша әр жұма күні ақ көйлекті қыз келіп махаббат туралы роман сұрайды. Қыз күзетшіге кітапханада тағы да кісі бар десе де, кітапханадан екеулеп іздеп таппайды. Бірақ қыз ұсынған кітаптар кітапхана сөрелерінен бір жетіге жоғалып кететін. Араға уақыт сала қыз зират басына барып, өзін мазалап жүрген ақ көйлекті қызды көреді. *«Желкемнен әлдекімнің көз салғанын сездім, жотама бұрылғанда тірі пенде көрмедім, кісі белуарынан келетін құлпытас сезімсіз, көңілсіз күйде шошайып*

тұрды. Құлпытастың бетіне ойып салған кісі бейнесі санамды тепкенде, бәрін тастай салып, сонадайдағы қабірге жүгірдім. Одан әр жұма сайын кітапханаға келетін қыздың жүзін шырамыттым» (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 86). Алайда кейіпкер қорықпады, тек санасында әруақтарға да махаббат керек екен деген ой қалды. Шығарма мазмұнында аруақтар әлемі туралы тылсым мистикалық кейіпкер мен мистикалық күйді аңғарамыз.

Оқырман санасына қорқыныш пен үрей арқылы әруақтар әлемінен сыр шеткісі келген автордың позициясы байқалады. Бұл шығарманы оқыған әр оқырманды шынымен де әруақтарда өмірді, яғни жер бетіндегі әлемді сезіну, сағыну секілді сезімдер бола ма, олардың елесі жер бетінде жүре ме деген ойға қалдырары сөзсіз. Себебі мистикалық мотивтегі шығарма оқырман санасында мистикалық ой тудырады.

«Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясында»: «Мистикалық тәжірибенің формалары екі түрге бөлінеді: сыртқы және ішкі. Сыртқы мистикалық тәжірибе көріністер, көзге көрінетін көрнекі көріністер ретінде ашылады. Ішкі тәжірибе визуалды әсерсіз, яғни көзге көрінбейтін ерекше сезім ретінде қабылданатын ерекше психофизикалық күйлер ретінде сезіледі» (Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясы. Москва НПК «Интелвак», 2001: 555) деп, өнер мен әдебиетте мистикалық тәжірибенің екі түрін көрсетеді. Л.Қоныс шығармаларында мистикалық тылсым кейіпкер, яғни о дүние адамы әрі көзге көрінеді, әрі сезіледі. Оны басқа шығармаларынан да айқын аңғарамыз.

Жазушының екінші әлемнің тұрғындары жайында жазылған тағы бір шағын әңгімесі «Отыз үш тал раушан». Лира Қоныстың бұл шығармасының бір қызығы мистикалық кейіпкеріне орыстың Елена Цветаева есімін берген. Елена Цветаева отыз үш жасында өмірден өтіп кетсе де, дәл бүгінгі туған күні пәтеріне отыз үш тал раушан гүлі келді. Кейіпкер үйінің бұрынғы қожайынына Елена әруаққа сол күні туған күнін тойлауға мүмкіндік береді.

«Пенделер көзіне көрінбейтін өзге әлемнің тұрғындары жиналып, менің жүдеу пәтерімде Еленаның туған күнін тойлап жатты деп шексіз қиялым күшіне мінді» (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 96).

Кейіпкердің қиялы турасынан келсе керек, алғаш рет Қарамұрын мысығы далада түнеп, өзі өзің жақтырмаған дос құрбысында паналап, үйіне оралған мезетте отыз үш тал раушан гүлі ұшты-күйлі жоғалыпты.

Өлген адамды соңғы сапарына шығарып салу салты бойынша барлық жоралғылар орындалған жағдайда, аруақ артында қалған ұрпағына шапағатын тигізіп жүреді, ал керісінше рухы тыныштық таппаған жағдайда қасірет шектіреді. «Отыз үш тал раушан» әңгімесі Елена Цветаева аруағы арқылы Лира ұлттық наным-жоралғыларды еске түсіреді. Бұл сенім – ислам, христиан дініне ортақ түсінік.

Лира әр шығармасының көтерер жүгін оқырманға ашып айтады. Бұл әңгімесінің де негізгі сюжеттік ауқымы мистика екенін: «Қай шаруаны да мистикаға әкеп тірейтін түйсік маған қайдан жұқты деп өзімді жазаладым, бұл бар болғаны сәйкестік деген жұбатуыма санам бой бермеді, ойымды елестер ауылына алып қашты» (Қоныс Л. «Шахарбанудың сыңсуы»; 2013: 96) деп бейнелейді.

Жазушы шығармаларындағы елес пен әруақтар әлемінен оқырман санасында қорқыныш пен үрей ұялары сөзсіз. «Ауылда» деп аталатын әңгімесінде де кейіпкер



елеспен әңгімелесіп, өз еркінен тыс дүниелерге барады. Ауылға қыдырып келген кейіпкер әжесі өмірден өткелі ауылға келген сайын көзіне жас алады. Тағы сол әдетімен отырған мезетте әжесінің құрбысы, көрші әжені көріп, амандасып келуді шешеді. *«Бұл кейуана әжеммен түйедей құрдас еді, сырлас, мұңдас еді. Содан ба екен, осы кемпірді ұшыратсам әжемді көргендей арсалаңдаймын. Қау миядан сырғып түстім де, көшеге жүгірдім. Ақ түсті паршадан кең көйлек киіп, қара барқыттан жамылғы ілген сырбаз кемпірдің соңынан қуып жеттім.*

- Әже, мені танымай қалмадыңыз ба, ауылға ат ізін салмағаныма үш жылдан асты, мен баяғы өздеріңіз асырап, баққан сары қызбын, - деп бастырмалаттым. Кемпір сексенге жақындаса да санадан жаңылмапты деп қуандым, жағдайымды сұрап, құшағына басты. Қарның аш емес пе деген сұрағына көңілім босады, жүре бермей күйеуге шық деген кеңесіне күлкім келді» (Қоныс Л. «Шахарбанудың сынсуы»; 2013: 110).

Әңгіменің шарықтау шегіне әдетінше Лира кейіпкердің санасын психологиялық күйзелісі арқылы мистикалық жайтты береді. Бұл шығармасында да жеңгесінен ауылдағы көз жұмған кісілерге кіріп бата оқып шық деп қыздың түсте көрген Таңсұлу әжесінің де өмірден өткеніне екі жыл болды деуі әңгіменің мистикалық мотивін танытады.

Л.Қоныстың шығармашылығындағы тылсым кейіпкерлер туралы әдебиеттанушы ғалым Гүлзия Піралиева: «Лираның кейіпкерлерінің бірі қияли, бірі періште, бүгінгінің адамы еместей. Мистикалық реализмнің миды шайқайтыны соншалық санаң сергек, денең діргек қағады» (Пірәлі, 2017: 33) дейді.

Лира Қоныстың прозасындағы кейіпкерлері белгілі бір арманның жетегінде, романтикалық қиялмен өмір сүретін жандар емес, олар не істеп, не қойып жүргендеріне есеп бермейтін жандар. «Сәкө, су және Андерсеннің ертегісі» атты әңгімесінде Айсәуле есімді қыздың қалайша жас бала болып Сәкө атанғаны оқырманды қызықтырады. Бірінші жақтан баяндалатын шығармада ғашығына қосыла алмаған, содан бергі Айсәуле есімі ұмыт болып Сәкө атанған қыздың тағдыры жайында баяндайды. Айсәуле айдай сұлу болғанымен, шешесі қалаға оқуға жібермей ауылда колхоз жұмысына араластырады. Бір күндері жас қыз анасына келіп тұрмысқа шықсам ба деген сауал қояды. Анасының сол түні жарты шашы ағарып, бетіне әжімнің тыртықтары түскен. Өйткені жалғыз қызының жігіті – беймәлім елес.

*«Сол күні шеше сорлы әлденеден секем алып, таңды көзімен атырыпты.*

- Ондай жігіт бұл ауылда тұрмайды, - депті кейін көшіп келген жұрт.

- Ондай жігіт бұрын болған, қазір ана ауылда тұрады, бес жыл бұрын жылап, сықтап, сол ауылға аттандырғанбыз, - депті тұрғылықты халық ауыл сыртындағы күмбезді, көктасты, кесенелі, басына ай қадаған қыратты меңзеп.

Жұмысын аяқтап оралған қызынан шешесі жігіт бір аяғын сылтып баса ма деп сұрапты, иә, аздап солай-ау, бірақ, еш аңғарылмайды депті қызы. Әкесіне тартқан қазанның түп кеуіесінде қара жігіт қой иә депті шешесі, қараторы екені рас депті қызы. Оң жақ иегінде кішкене қалы бар ма депті шешесі, қызы басын изепті» (Қоныс Л. «Шахарбанудың сынсуы»; 2013: 90). Қыздың сүйіктісі кім екені аян болды оқырманға. Келесі күні қызды егістік алқабында шыр айналып билеп жүрген жерінен ауыл адамдары үйіне байлап әкеледі. Содан бергі қыз Айсәуле емес Сәкө

қалпында. Автор-кейіпкерге Сәкө өзінің ғашығын Андерсеннің ертегісіндегідей суда деп айтатын. Ақыры Сәкө де өзі армандаған Андерсеннің ертегісіндей суға кетіп, ғашығымен қосылды.

«Терминдер мен ұғымдардың әдеби энциклопедиясындағы»: «Негізінде өнердегі шабыт мистикалық трансценденттік, басқа әлемге жанасу, рухани басқа нәрсені түйсіну» деген тұжырымға ден қойсақ, Лираның кейіпкерлері о дүниелік болған аруақтардың елесін көреді және сезінеді.

#### **4. Нәтижесі**

Мистицизм сөздің кең мағынасында әлемді танып-білудің кез келген тәсілін атауға болады, яғни ғылыми және философиялық пәндер негізінде көрінетін ұғымдармен айналысады. Лира Қоныс көркемдік әлеміне аруақтар мен қарапайым тірі кейіпкерлер арасындағы қайталанбас қарым-қатынасқа толы шығармалар, бұрын көрмеген кейіпкерлерге толы диалогтар, монологтар, ертегілерге байланысты оқиғалар мен заманауи образдар тән екені аңғарылады. Жастар тағдырының шешімін қысқа да нанымды философиялық пайымдаулар арқылы жеткізген жас қаламгер Лира жанрлық, стильдік, түрлік сипатымен ерекшеленетін қаламгер иесі деп танылады.

Қаламгердің жоғарыда талдаған туындыларының басым көпшілігі мистикалық мотив шығарманың соңында беріліп, бас кейіпкер – аруақ, елес; уақыты мен мекені – түн немесе қабір басы, екінші әлем байланыс. Байқағанымыздай Лира екінші әлем тұрғындарымен бас кейіпкерлер байланысын ешқандай сиқырсыз, байланыстырушы дәнекерсіз жолықтырады. Магиялық, мистикалық туындылардағы айна, от, жылан сынды мотивтерді қолданбайды. Сонымен қатар, әр шығармасының соңында бұл оқиғаның барлығы ойдан шығарылған мистицизм деп ашып өтеді.

#### **5. Қорытынды**

Жазушы Аягүл Мантай: «Лираның шығармашылығында шынайылық жетіспейді» (Лира Қоныс; 2011) деп қиялы жүйрік жазушының шығармашылығына баға береді.

Лира Қоныстың микросюжетті әңгімелерінде мифті көркемдік тәсіл ретінде қолдану арқылы кейіпкерді мистикалық мотивтер мен магиялық, тылсым күшке сенуге, шығарма барысында бір немесе бірнеше рет ой қиялына жүгіндіреді. Мифтік сарынға негізделген бүгінгі прозаиктердің мистикалық шығармаларында пейзаж, портрет, мінездеу, суреттеу сынды белгілері кемшін. Кейіпкерлердің бір-бірімен құрған диалогы арқылы оқырман өзі картина құрып алады. Бәлкім шығарма мистикалық сарында болғандықтан жазушы оқырман қиялына ерік беретін болар. Мүмкін поэтикасы енді қалыптасып келе жатқан жаңа бағыт болғандықтан айтылған мәселеге тоқталып отыру оларға қиынға түсіп жатқан болар.

Жоғарыда талдаған «Шахарбанудың сыңсуы», «Алма ағашының құдайы», «Махаббат туралы роман», «Отыз үш тал раушан», «Ауылда», «Сәкө, су және Андерсеннің ертегісі» әңгімелеріндегі аруақтар көзге көрініп, тілдесіп, тірі жандар қатарында суреттелінеді. Мистикалық мотив ретінде елес, аруақтарды күнделікті тіршілік кейпінде береді. Қазіргі кезде оқырмандар арасында детективті жанрға деген сұраныс басым. Өйткені, жұмбақ нәрселер адамның қиялы үшін қызықты, тартымды. Мистика, мистицизмде осындай құпиялылыққа құрылатындықтан, жаңаша түрлі формада қайта жаңғыруда.

Әдебиеттер:

1. Аймұхамбет Ж. Миф. Мифология. Мифопоэтика. – Астана: Фолиант, 2016. – 184 б.
2. Аскарова А.Ш. Қазақ және шетел прозасындағы мистика. // «Keruen» scientific journal. Том №73. №4 (2021) <https://www.keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/96/123DOI>: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-08>
3. Әдебиеттану терминдер сөздігі. – Алматы: «Ана тілі» баспасы, 1998. – 384 б.
4. Borriello L. (2007) L'esperienza mistica cristiana. Identita e struttura // Rivista di filosofia neo-scolastica. – Milano. – N 3. – pp. 457-487. ISSN 00356247
5. Гуревич П.С. Современный гуманитарный словарь-справочник. – Москва: Олимп, 1999. – 528 с.
6. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 752 б.
7. Қоныс Л. Шахарбанудың сыңсуы. – Алматы: Жалын, 2013. – 192 б.
8. Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: НПҚ «Интелвак», 2001 – 1595 с.
9. Нармаханова Ж. Лира Қоныс: «Сол қолыммен бесік тербеп, оң қолыммен жазам» // «Ақ желкен» журналы, 13.09. 2011 жыл. [Электронды ресурс] // <http://zhasorken.kz/?p=695>
10. Пірәлі Г. «Қазіргі прозадағы постмодернистік стиль мәселелері». – Әдебиеттану ғылымы және білім беру. Ғылыми-әдістемелік жинақ. // Құраст. М.Разбекова, жалпы редакциясын басқарған Қ.Мәдібаева. – Бірінші кітап. – Талдықорған: І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, 2017 – 267 б.
11. Төлеу А. Отқарак. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2018. – 320 б.
12. Turhan K. (2023) Mythic Reflections in Two Anecdotes of Nasreddin Hodja Compiled from North Macedonian Turks: Resurrection from Bones. // «Milli Folklor» vol. 18, no. 140, pp. 61-72. <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1111421>
13. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Толағай групп, 2010. – 376 б.
14. Уәлиханов Ш. Тәңірі. – RS; Халықаралық Абай клубы, 2013. – 392 б.
15. Хлебников Г.В. Философская мистика и гностицизм: история и современность: Аналит. обзор / РАН. ИНИОН. Центр науч.-информ. исслед. Отд. философии. – М., 2009. – 148 б.

References:

1. Aimuhambet Zh. (2016) Myth. Mythology. Mythopoetics. – Almaty: Foliant. – 184 p. (in Kaz.)
2. Askarova A.Sh. (2021) Mysticism in Kazakh and foreign prose. // The scientific journal “Keruen”. Volume 73. №4. <https://www.keruenjournal.kz/index.php/main/article/view/96/123DOI>: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2021.4-08> (in Kaz.)
3. Borriello L. (2007) L'esperienza mistica cristiana. Identita e struttura // Rivista di filosofia neo-scolastica. – Milano. – N 3. – pp. 457-487. ISSN 00356247(in Eng.)
4. Dictionary of literary terms. - Almaty: Native language publishing house, 1998. – 384 p. (in Kaz.)
5. Gurevich P.S. (1999) Modern humanitarian dictionary-reference book. – Moscow: Olimp. – 528 p. (in Russ)
6. Dictionary of the Kazakh literary language. – Almaty: Arys Publishing House, 2009. – 752 p. (in Kaz.)
7. Konys L. (2013) Sheharbanu's sneer. – Almaty: Zhalyn Publishing House. – 192 p. (in Kaz.)
8. Literary encyclopedia of terms and concepts. – Moscow: NPK «Intelvak», 2001 – 1595 p. (in Russ.)
9. Narmakhanova Zh. (2011) Lira Konys: “I rock the cradle with my left hand, and I write with my right hand” // Ak Zhelken magazine, 13.09. [Electr+onic resource] // <http://zhasorken.kz/?p=695> (in Kaz.)
10. Piralı G. (2017) Problems of Postmodern Style in Modern Prose. – Literary criticism and education. Scientific and methodical collection. // Compiled by M. Razbekova, edited by K. Madibaeva. - First book. – Taldykorgan: State University. I. Zhansugirova. – 267 p. (in Kaz.)
11. Toleu A. (2018) Otkarak. – Almaty: Kazakh encyclopedia. – 320 p. (in Kaz.)
12. Turhan K. (2023) Mythic Reflections in Two Anecdotes of Nasreddin Hodja Compiled from North Macedonian Turks: Resurrection from Bones. // «Milli Folklor» vol. 18, no. 140, pp. 61-72. <https://doi.org/10.58242/millifolklor.1111421> (in Turk.)
13. Ualikhanov Sh. (2010) Collection of multi-volume works. – Almaty: Tolagai group. – 376 p. (in Kaz.)
14. Ualikhanov Sh. (2013) Tengri. – RS; International Club of Abai. – 392 p. (in Kaz.)
15. Khebnikov G.V. (2009) Philosophical mysticism and gnosticism: history and modernity: Analyte. review / RAS. INION. Center for scientific-inform. research Dep. philosophy. – Moscow. – 148 p. (in Russ.)